

ҰЛЫ ТҰЛҒА ХӘКІМ - АБАЙ

*«Шың хәкім, сөзің баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес»,*
- (Алтын хәкім Абайға) Мағжан Жұмабаев

Тарихта қазақ халқының жаңа әдебиетінің негізін қалаушысы, аудармашы, композитор, ақын, ағартушы, ойшыл, ғұлама Абай Құнанбайұлы еліміздің тарихында өшпес із қалдырғаны барша әлемге белгілі. Абай атамyzдың әрбір жазған өлеңдерінің, қара сөздерінің өзінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, жаны, мінез-құлқы, рухы көрініс табады және Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланады. Абай Құнанбайұлын қай жағынан алсақ та, елімізге жасаған батыл қадамдарын айтып, мақтау айтсақта жарасады. Ғұламаның шынайы шығармашылығы мен өмір сүріп өткен өмірі - тек біздің елімізге емес, бүкіл әлемге де үлгі өнеге. Абайдың жан-жақты қарастырылған ойлары, жазып кеткен нақыл сөздері қаншама ғасырлар өтсе де өзіндік мән мағынасы мен маңызын жоғалтқан емес. Себебі әрбір ақын жазушыларымыздың бізге мұра етіп қалдырған кереметтей дүниелері – бүкіл адамзат баласының рухани азығы деп білемін.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдағы сананы қайта жаңғыртудың маңызды екендігін айтты. Қазақ ұлтының санасын сақтап, оны ары қарай заманға сай бейімдеу мемлекеттік ең басты мәселеге айналды. Өйткені, санамызды қайта түлету арқылы біз еліміздің алға қарай өсуіне, дамуына жол ашамыз. Осы кезде Абай мұрасының тигізер көмегі көп екенін аңғаруға болады.

Осыны ескере отырып, елімізді жаңғырту жолында ғұламамыздың еңбектерін ең бірінші сатыға қойып, тиімді пайдалану жағын тағы да ой иелігінен өткізген жөн деп ойлаймын.

Абай өз жолын құрастырып қана қоймай, сонымен қатар мақсатқа жетудің нық жолын көрсетті. Абай шығармасында сондай - ақ адамзаттың бойындағы қайырымдылық, шүкіршілік сияқты әрбір адамның қалыптасуындағы себепкер бола алатын иманды қасиеттер де қарастырылған. Кант, Достоевский сияқты ұлы гуманисттер «қайырымдылық», «қарапайымдылық» секілді нәрселері жаңа тұлғаны қалыптастыратын басты белгі ретінде қарастырылған. Нағыз адам болып қалыптасатын тұлғаны білімділік, ақылдылық, біліктілік, ғылымсүйгіштік қасиеттері дәлелдейді деп тұжырымдайды. Абай Құнанбайұлының пайымдауынша, нағыз тұлға болып қалыптасудың ең шыңына жетудің негізгі жолы – шығармашылық ойлау. Дана ақынның айтуынша, ой-сана адамға табиғат белгілері ғана емес, өз өмірін тараз талқыға салу үшін берілген.

Еңбек туралы қазақ қоғамында да түрлі жаңа дүниелерді қозғай алды. Өмір сүрудің құралы еңбек екенін барша адамзатқа насихаттайды.

...Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған,- демекші, ақын өзінің өлеңдерінде, кара сөздерінде еңбек пен мақсат туралы ерекше жырлады.

Биыл әрбір қазақ жұртына ерекше жыл. Себебі, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерей тойын тойлаудамыз. Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және 21 ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Абайды дәріптеу оның жазып қалдырған мұрасын жаңғырту мақсатында білім беру салаларына үлкен міндеттер артты.

Ақынның өлеңдерінің ішінде өзіме ұнағаны «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» атты өлеңі. Бұл өлеңде Абай Құнанбайұлы ақыл да, қайрат та, жүрек те адам бойында болу керектігін және де үшеуінде теңбе - тең ұстау керек екені туралы жазады. Ғасырлар жылжып, замандар ауысып жатса да, дүние дидары өзгерсе де халықтың Абай атамызға деген көңілі ешқашан суымайды. Керсінше, уақыт өткен сайын оның ұлылығын асқақтатып, жаңа сырларын аша түседі. Ақын әрі ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың: «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе, адамдықты көздесең, жаттап тоқы көңілге!», - демекші болашақ ұрпаққа, жастарға Абайды оқу барысында ондағы айтылатын өнеге тәрби ұшан - теңіз екені айтылады.

Ұлы дана Абай Құнанбайұлы өзінің жүрегі тебіrentкен сансыз ойлары, керемет өлеңдері, шығармалары, қарасөздері мен жалынды жырлары арқылы маржандай төгіледі. Оның әрбір жазған дүниелерінен тап бір жақын жерде тұрғандай сезіледі. Ол өткен заманның адамы болса да, бізге түсінікті, жүрегімізге жақын. Себебі Абайдың үні, әрбір тынысы – бүгінгі заманда дербес ел атанған басқа елдермен терезесі тең болған, кең байтақ еліміздің тынысы. «Өлді деуге келеме, ойлаңыздаршы, өлмейтұғын артынан сөз қалдырған», - деп ақынның өзі айтқандай, Абай бүгін жарқын бейнесімен, жалынды жырлармен, нақыл сөздерімен де бізбен жасасып келеді.